



## Оразбаев Мұса

1912 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Мұқыр елді-мекенінде дүниеге келген. Бастауыш мектепте оқығаннан кейін серіктестікте жұмыс істеген. 1941 жылы әскер қатарына шақырылып, Ленинград майданында 310-дивизияның 46 полк құрамында 76 мм зеңбірек көздеуші болған. Нарва түбіндегі ұрыста ауыр жараланып, госпитальда ұзақ емделген. 1944 жылы соғысқа жарамсыз деп, 2-топтағы мүгедек болып елге оралған. Жауынгерлік I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін»,

«Ленинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдардағы  
Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және  
мерекелік медальдарымен марапатталған.



